


Алтын орда мемлекеті



«Алтын Орда» мемлекетінің құрылуы.

Қазақстан аумағы үш монғол ұлысының құрамына
енді:

Жошы ұлысы Ертістен батысқа қарайғы ұлан-ғайыр жерді, Жетісудың солтүстік бөлігі мен бүкіл Дешті-Қыпшақты, Еділдің төменгі бойын қоса алып жатты.

Шағатайұлысына Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан

Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі *Үгедей ұлысына* қарады



**Монголия
XIII в.**




Алтын Орда

Орта ғасырларда (1243 – 1503) Шыңғыс хан империясының құрамында Дешті-Қыпшақта құрылған түрік мемлекеті.

Мемлекет жерінің аумағы 10 млн. км²-ден асты.

Құрамына Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Балқан елдері, Солтүстік Кавказ, Хорезм, Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақ .

Бату хан тұсында мемлекет астанасы Еділ бойындағы Сарай қаласы болып (1243), кейін Берке сарайына (Сарай әл-Жадид) көшірілді.



Алтын Орданың гүлденуі:

XIII-XIV ғ.-да
Алтын Орда күшті
мемлекет болды.

Жошы өлген соң оның
орнына ұлы Батый
(1242-1256)
отырды. Алтын орда
Моңғол империясына
тәуелді
болды.

Берке ханның (1256
— 1266 жж.)
тұсында тәуелсіздігін
жариялады.

XIV ғ.- ң бірінші жартысында Өзбек (1312-1342) және
Жәнібек (1342-1357)
хандар тұсында мемлекет күшейді. Батыс Еуропамен,
Кіші Азия, Египет,
Үндістан, Қытаймен сауда қатынасы дамыды.

Мөңке хан (1266 —
1280 жж.) өз атынан
теңге шығарды

Жәнібек хан (1342 — 1357 жж.)

Өзбекхан (1312 — 1342 жж.)
исламды мемлекеттік дін етіп жариялады.


Алтын орда хандары



Жошы хан




Берке хан



Жәнібек хан

Батыйдың жорығы:

Батысқа жасалған жорық **7 жылға (1236 – 1242 ж.ж)** созылған. Осы жорықтар нәтижесінде Батыс елдерін жаулап алып, Алтын Орданың шекарасын батысқа қарай кеңейтіп, күшейе түскен. Осыдан кейін:



Алтын орданың қоғамдық құрылымы.

Ордада ұлыстық жүйе қалыптасып, Батый хан тұсында мемлекет екіге бөлінді:

Оң қанат - Батый хан билігі.

Сол қанат - Орда Ежен хан билігі (Жошының үлкен баласы).

Басқару құрылымы:

Сұлтандар - ханнан кейінгі әлеуметтік басқарудың ең жоғарғы тобы.

Құрылтай - ақсүйектердің жалпы империялық жиналысы. Құрылтайда хан жариялау және таққа отырғызу рәсімдері жасалды.

Диуан - ең жоғарғы атқарушы орган. Қаржы, салық мәселесін, мемлекеттің ішкі істерін атқарды.

Беклербек - әскери істерді басқарушы.

Уәзір - азаматтық істі басқарушы

Мәлік - азаматтық басқару билігін жүргізушілер (түрік әулетінен).

Даруғалар - салық жинады, халық санағын өткізіп, әскер жинады, байланыс қатынасын ұйымдастырды.

Басқақтар - басқару қызметін атқарды, әскери бақылау жүргізді, салық жинады.

Білікшілер, хатшылар - іс қағаздарын жазушылар

Нояндар, бектер, әмірлер, баһадүрлер - әскербасылар.

Феодалдық жер иелену түрлері.

Инжу

Шыңғыс әулетінен шыққан билеушілерге берілетін үлестік жер.

Сойырғал

әскер немесе азаматтық қызмет атқарғаны үшін шартты түрде сыйға берілген үлестік жер.

Вакф

Мұсылман дінбасыларының жері

Мильк

Жер иеленудің жеке меншік түрі.

Тархандық құқық

Үлестік жер иелерінің мемлекет пайдасына жиналатын салықтан босатылып, өз пайдасына салық жинауы.

Тағар

әскерді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін
жиналатын егін және мал салығы.

Ұшыр

мал салығы

Харадж

егіншілерден жиналатын салық

Зекет

дін басыларына берілетін мал салығы,
қолөнершілер мен Саудагерлерге де салынады

Аваи́з

төтенше салық

Әскери міндеткерлік

10 түтіннен 1 жауынгер алынады.

Алтын Орда көп ұлтты мемлекет.

Ең көбі түркі халықтары:



кыпшақтар

наймандар

қаңлылар

Алтын
Орданын
халқы
«татарлар»
деген атау
алды.

Басқа ұлт өкілдері:



бұлғарлар

мордвалар,

хорезмдіктер

черкестер

орыстар

Шаруашылығы:



Түркі тілдес тайпалар және моңғол тайпасы көшпелі мал шаруашылығымен айналысты.



Олар көбіне жылқы малы мен қойды өсірді.



Өзен-көл алқаптарында отырықшылық мал шаруашылығы мен егіншілікпен, қолөнермен айналысты.



Егіншілікпен шұғылданған тайпалар көбінесе ірі қараны өсірді.

Алтын орданың әлсіреуі:

XIV ғасырдың II жартысында Алтын Орда ішінде алауыздық күшейеді.


- ✓ 1357 – 1380 жылдар арасында 20 хан ауысты.
- ✓ XIV ғасырдың 60 жылдардың өзінде мемлекеттің астанасы Сарайда бір жылдың ішінде төрт хан ауысады.
- ✓ Ішкі саяси жағдай әлсіреді.

Бұны тарихта «Ұлы дүрбелең» кезеңі деп атайды.

Осындай ішкі талас – тартыстан әлсіреген Алтын Орда:

- ✓ 1380 жылы Куликово даласында Мамай қолбасшылық еткен әскер Дмитрий Донской бастаған орыс әскерінен жеңіледі.
- ✓ Осы шайқастан кейін Алтын Орда мүлде әлсірейді.
Бұл әлсіздікті пайдаланған Жошы ханның екінші бір ұрпағы Тоқтамыс Әмір Темірдің көмегімен Алтын Орданың билігін өз қолына алған.

Алтын орда XV ғасырдың ортасында:



1502 жылы соңғы билеуші **Шейх Ахмет** өлгеннен кейін Алтын Орда мемлекет ретінде жойылады.